

## Республикадағы машина-трактор паркінің техникалық жайына мемлекеттік қадағалау туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 26 тамыз N 735. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1998.04.27 . N 3928 Жарлығымен. ~U983928

Лауазымды және нақты адамдардың, тракторшы-машинистердің машина-трактор паркінің техникалық жайына және техникалық пайдалану ережесінің сақталуына мемлекеттік қадағалауды күшейту және жауапкершілігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің орталық аппаратында бас басқарма құқымен машина-трактор паркінің техникалық жайына қадағалау жөніндегі Мемлекеттік инспекциясы\*, облыстық ауыл шаруашылық басқармасының аппаратында (ауыл шаруашылық органдары) - мемауылтехқадағалау бөлімдері, аудандық ауыл шаруашылық басқармасының аппаратында - мемауылтехқадағалаудың аудандық инспекциясы құрылсын.

<\*> Бұдан әрі текст бойынша - Қазақстан Республикасының М е м а у ы л т е х қ а д а ғ а л а у ы .

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылық министрлігінің мемауылтехқадағалау органдарына:

занды ұйымдар мен нақты адамдардың қарамағындағы тракторлардың, өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиорациялық, жол-құрылыс машиналары мен трактор тіркемелерінің техникалық жайына, сондай-ақ тракторлардың, комбайндардың және басқа да ауыл шаруашылық машиналарының техникалық пайдалану ережесінің, мұнай өнімдерін агроөнеркәсіптік кешеннің шаруашылықтарында, кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында тасымалдау, сақтау мен пайдалану ережесінің сақталуына мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыру;

тракторларды өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен трактор тіркемелерін тіркеу, сондай-ақ оларға бірдей номерлік белгілер мен техникалық паспорттар беру;

тракторларды, өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналарын жүргізу үшін емтихандар қабылдау және тиісті к у ә л і к б е р у жү к т е л с і н .

3. Қазақстан Республикасының Мемауылтехқадағалау бастығы Қазақстан Республикасы мемауылтехқадағалауының Бас мемлекеттік инженер-инспекторы болып табылады және оны Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі тағайындайды, облыстық (аудандық) ауыл шаруашылық басқармасының (ауылшарорғандарының) мемауылтехқадағалауы бөлімдерінің (инспекция) бастықтары - облыстық (аудандық) мемауылтехқадағалау бас мемлекеттік инженер-инспекторлары болып табылады және оларды мемауылтехқадағалауының жоғары органдарының келісімімен тиісті ауыл шаруашылық басқармасының (ауылшарорғандарының) басшылары тағайындайды ;

облыстардағы, аудандардағы мемауылтехқадағалау органдары машина-трактор паркінің жайына мемлекеттік қадағалаудың барлық мәселелері бойынша мемауылтехқадағалауының жоғары органдарына есеп беріп отырады;

мемауылтехқадағалауының аудандық инспекциясының құрамы ауданда бар әрбір 1000-1200 тракторға, автомобильге, өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиорациялық және жол құрылыс машиналарына бір инженер-инспектордан есептеліп, бірақ ауданға бір адамнан кем емес, анықталады деп белгіленсін.

Облыстар мен аудандардың әкімдеріне мемауылтехқадағалау бөлімдері мен инспекцияларының адам санын белгіленген нормативтерге сәйкес келтіру ұсынылсын . < \* >

Ескерту. 3-тармақ келесі абзацтармен толықтырылды - ҚРМК-нің 17.03.1994 ж. N 281 қаулысына сәйкес.

4. Мемауылтехқадағалаудың мемлекеттік инженер-инспекторларына: бағыныстылығына қарамастан техникалық жайы айналадағы ортаны қорғау талаптарына сай келмейтін немесе өздерінің қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ете алмайтын тракторларды, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналарын пайдалануға тыйым салу ;

машиналардың техникалық пайдалану ережесіндегі анықталған қателіктерді жою жөніндегі агроөнеркәсіптік кешен шаруашылықтарының, кәсіпорындарының, ұйымдары мен мекемелерінің басшыларына міндетті түрде орындауға жататын тапсырмалар беру;

белгіленген заңға сәйкес машина-трактор паркін техникалық пайдалану ережесін және техника қауіпсіздігі ережесін өрескел бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тарту ;

машина-трактор паркін техникалық пайдалану ережесін және мұнай өнімдерін тасымалдау, сақтау және жұмсау ережесін бұзу арқылы келтірілген материалдық нұқсанды ішінара өтеу мақсатында осы ережені бұзу нәтижесінде материалдық нұқсан келтіруге кінәлі агроөнеркәсіптік кешен

шаруашылықтарының, кәсіпорындарының, ұйымдары мен мекемелерінің, оның ішінде машиналарға шарттар бойынша жөндеу жүргізетін және техникалық қызмет көрсететін ("Кең дала мемлекеттік" мемлекеттік акционерлік компаниясының мамандандырылған жөндеу шеберханалары мен заводтарынан және "Қазагрожөнмаш-холдинг" мемлекеттік холдингілік компаниясы басқа) басты қызметкерлерін үш айлық қызмет окладының көлемінде ақшалай айып салу құқы берілсін. < \* >

Ескерту. 4-тармақтың соңғы абзацынан сөздер алмастырылды - ҚРМК-нің 17.03.1994 ж. N 281 қаулысына сәйкес.

5. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне:  
< \* >

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен бірлесе отырып тракторлардың, өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен трактор тіркемелерінің мемлекеттік номерлік белгілері мен техникалық паспорттарының (талондарының), тракторшы-машинист куәлігі мен олардың ескерту талондарының үлгілерін әзірлеп, бекіту;

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен келісім бойынша тракторларды, өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен трактор тіркемелерін жыл сайын техникалық тексеруден өткізу Ережелерін және тракторларды, өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиорациялық, жол-құрылыс машиналары мен трактор тіркемелерін тіркеудің бірыңғай тәртібін әзірлеп, бекіту;

Қазақстан Республикасының Білім министрлігімен бірлесе отырып және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен келісім бойынша тракторшы-машинистерден емтихан қабылдаудың және куәлік берудің бірыңғай тәртібін әзірлеп, бекіту құқы берілсін.

ЕСКЕРТУ. 5-тармақтан 2-абзац алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1997.04.08. N 505 Р970505\_

6. Тракторларды, басқа да өздігінен жүретін машиналар мен трактор тіркемелерін техникалық тексеру мен тіркеуден және тракторшы-машинистерді аттестациядан өткізуден түскен, мемауылтехқадағалау органдарында көлік құралдарын пайдалануға, номерлік белгілерді, техникалық құжаттамаларды, бақылау-өлшеу приборларын, жабдықтары мен құралдарын сатып алуға кеткен шығындардан артылған алымдар сомасы республикалық бюджет кірісіне алынатын болып белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мемауылтехқадағалау органдарының қызметінен түсетін кірістерді көздесін. Шаруашылықтардан,

кәсіпорындардан, ұйымдардан, мекемелерден, кооперативтерден, коммерциялық құрылымдардан, сондай-ақ жекелеген азаматтардан алым түрінде түсетін қаражат жетіспеген жағдайда, осы пункттің бірінші жаңа жолында көрсетілген мақсаттарға кеткен шығындар Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі бойынша республика бюджетінде операциялық шығындарға көзделген қаражат есебінен өтеледі.

7. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен, Әділет министрлігімен, Ішкі істер министрлігімен және Бас прокуратурасымен келісім бойынша машина-трактор паркінің техникалық жағдайына мемлекеттік бақылау жөніндегі Ережені әзірлеп, бекітетін болсын;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен және Әділет министрлігімен келісім бойынша мемауылтехқадағалау мемлекеттік инженер-инспекторларының материалдық нұқсанды анықтау және ақшалай айып салуды жүргізу Ережесін әзірлеп, бекітетін болсын.

8. Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің "Колхоздарда, совхоздарда, тағы басқа мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындар мен ұйымдарда машина-трактор паркінің техникалық жағдайына мемлекеттік бақылауы туралы" (Қазақ ССР Үкіметінің ҚЖ, 1969, N 10, 47-бап) 1969 жылғы 29 сәуірдегі N 270 қаулысы;

"Колхоздардың, совхоздардың және басқа да ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен ұйымдарының машина-трактор паркінің техникалық жағдайына мемлекеттік бақылауды күшейту жөніндегі шаралар туралы" (Қазақ ССР Үкіметінің ҚЖ, 1976, N 5, 15-бап) 1976 жылғы 16 ақпандағы N 77 қаулысы күшін жойған деп танылсын.

Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
Премьер-министрі